

«Әлеуметтік-экономикалық даму және  
2022 жылғы қаңтар-қазандағы республикалық  
бюджетті орындау қорытындылары туралы»  
ҚР Үкіметі отырысындағы  
ҚРҰБ Төрағасының орынбасары  
Берік Шолпанқұловтың баяндамасы  
Астана қ., 2022 жыл, 15 қараша

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

**Құрметті әріптестер!**

2022 жылдың қазан айында әлемдік нарықтарда жағдай құбылмалы болды.

**2-слайд. ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ ТӨМЕНДЕУІ БАЙҚАЛАТЫН ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ҚАРАҒАНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ҚАЛПЫНА КЕЛУДЕ**

Қазан айында **жаһандық іскерлік белсенділік** үш ай бойы **49,0** деңгейінде қалыптасып, 2020 жылғы маусымнан бергі ең төменгі көрсеткішке төмендеді. **Өңдеу өнеркәсібінде** және **қызмет көрсету секторында** әлемдік өндіріс көлемі қысқарды.

Сонымен қатар, **Қазақстанда** қазан айында **екі ай қатарынан** іскерлік белсенділік индекcін қалпына келтіру процесі жалғасты. **Индекс** осы жылғы қыркүйек айындағы **48,2-мен** салыстырғанда қазанда **49,1-ге** дейін көтерілді. Іскерлік белсенділік көрсеткіші өткен ай деңгейінде қалған **өндіріс саласынан басқа барлық секторда** іскерлік белсенділік қалпына келе бастады.

Кәсіпорындар **соңғы 5 айда алғаш рет бизнесті жүргізудің осы күнгі шарттарын** оң бағалады.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, дайын өнімге **сұраныс** артты. Алдағы 6 айдың **болашақтағы** бизнес жағдайларын бағалау да жақсара түсті.

Жоғары **геосаяси және нарықтық құбылмалылық, инфляциялық қысымның** жоғарылауы жаһандық іскерлік белсенділіктің өсу перспективаларына теріс әсер етуде.

#### **3-СЛАЙД. ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚТЫҢ ӨСУІ ЖАЛҒАСУДА**

Монетарлық талаптардың күшеюіне байланысты қаржы нарығындағы құбылмалылық бәсеңдеген жоқ: **АҚШ Федералды резервтік жүйесі** қараша айында мөлшерлемені тағы да **75 базистік тармаққа** көтерді, **Еуропа орталық банкі** қазан айында мөлшерлемені екінші рет **75 базистік тармаққа** көтерді, бұл мемлекеттік бағалы қағаздар кірістілігінің айтарлықтай өсуіне әкелді.

Осы жағдайларда **дамыған елдердің акциялары** (MSCI World) жыл басынан бастап **3 232 тармақтан 2 548 тармаққа** дейін **21%-ға төмендеді**, АҚШ-та **10 жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі 1,5%-дан 4,1%-ға** дейін **2,5 пайыздық тармаққа өсті**. Жыл басынан бері доллар индексі **16,6%-ға өсті**.

#### **4-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДА ОРНЫҚТЫ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ САҚТАЛУДА**

Қазанда айлық инфляцияның а/а-ға **1,6%-ға** дейін біршама баяулауына қарамастан, бір ай бұрын **1,8%-ға** айтарлықтай өсуден кейін, ол соңғы 5 жылда – қазанда әлі де орташа жылдық мәннен **0,7%-ға** едәуір асып түсті.

Жылдық мәнде инфляция **18,8%-ға** жетті. Ал жылдық мәнде **23,1%-ға** жеткен **азық-түлік бағасының** өсуі инфляцияға көптеп үлес қосуда. Жеміс-жидек пен көкөніс өнімдерін маусымдық арзандату аяқталды.

**Азық-түлікке жатпайтын инфляцияның** өсуі де **17,9%-ға** дейін жеделдеді. Импорт үлесі жоғары тауарлардың, оның ішінде жеке қолданыстағы тауарлардың, тұрмыста қолданылатын құралдардың, құрылыс материалдарының, дәрі-дәрмектің бағалары тез өсіп отыр. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында өткен жылдың жоғары базасы есебінен шығу нәтижесінде жанар-жағармай мен автомобильдерге бағаның өсуі баяулады.

**Ақылы қызметтер** инфляциясы **13,5%-ға** жетті. Тұрғын үйді жалға алу қымбаттауын тоқтатқан жоқ, энергия өндіруші компаниялардың тарифтері өсуіне байланысты электр қуатының құны қымбаттады.

Қазан айында халық күткен және қабылдайтын инфляцияның медианалық бағалары тиісінше **18,3%-ға** және **22%-ға** дейін күрт өсті. Екі көрсеткіш те **2016 жылдан бастап ең жоғары** деңгейге жетті.

Жоғары инфляциялық күтулерге, фискалдық ынталандыруға байланысты инфляциялық процестердің өсуі **дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын жалғастыруды талап етеді.

**5-СЛАЙД. ИКЕМДІ БАҒАМ БЕЛГІЛЕУ НАРЫҚТЫҢ ТЕҢГЕРІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ**

Қазан айында **теңге бағамы** долларға қатысты 1 доллар

үшін **468,2** теңгеге дейін **1,7%-ға** нығайды.

Отандық өндірушілердің **валюталық түсімін** ұлғайту теңге бағамына **қолайлы әсер** етіп, **икемді бағам белгілеу** валюта нарығының **теңгерімділігін** арттырады.

**Икемді бағам белгілеу** валюта нарығының жұмыс істеу **тиімділігін** арттыруға және **халықаралық резервтерді сақтауға** ықпал етеді.

**6-слайд. МҰНАЙДЫҢ ЖОҒАРЫ БАҒАСЫ АҒЫМДАҒЫ ШОТТЫҢ ЖАҚСАРУЫНА ӘКЕЛДІ**

Биылғы 9 айдың алдын ала қорытындысы бойынша, төлем балансының **ағымдағы шоты профицитпен** қалыптасып, **сауда балансының** жақсаруына байланысты **7,9 млрд** долларды құрады.

**Сауда балансының** профициті өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **15,9 млрд** долларға ұлғайып, **29,3 млрд** долларды құрады.

Шетелдік тікелей инвесторлардың **табысы 3,7 млрд** долларға ұлғайып, **20,2 млрд** долларды құрады.

**7-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР ДИНАМИКАСЫ**

**Жалпы халықаралық резервтер** қазан айында **85,4 млрд** доллардан **1 млрд** долларға өсті.

**Алтын-валюта резервтері** өткен айда **33,0 млрд** долларға дейін **1%-ға** өсіп, импорттың шамамен **7,1 айын** жабуға мүмкіндік берді.

**Ұлттық қордың** активтері өткен айда **52,4 млрд** долларға дейін **1,5%-ға** өсті. Жыл басынан бері қаражатты пайдаланудың қорға түсетін түсімдерден асып кетуі аясында

**5,3%-ға** төмендегені тіркелді.

Республикалық бюджетке **4 трлн** теңге сомаға трансферт бөлу үшін жыл басынан бері **3,8 млрд** долларға валюталық активтер сатылды.

Ақша-кредит саясатын күшейту тұрғысынан дамыған елдердегі орталық банктердің риторикасы аясында облигациялар мен акциялар нарығының жыл басынан бері құлдырағанын көрдік. Алайда, қазан айында акциялар **нарығында 7,2% өсу** байқалды, соның салдарынан Ұлттық қордың активтері қазан айында **851 млн** долларға өсті.

**8-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ**

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері** жыл басынан бері **1,1 трлн** теңгеге немесе **8,3%-ға ұлғайып**, қазан айының соңында **14,1 трлн** теңгені құрады. Жыл басынан бері инвестициялық табыс көлемі **672,5 млрд** теңгені, зейнетақы жарналары – **1 379,3 млрд** теңгені, зейнетақы төлемдері – **218,2 млрд** теңгені, мерзімінен бұрын **алып қою** – **868,9 млрд** теңгені құрады.

**Назарларыңызға рақмет!**